

## Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 199 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 6 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5811 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 56 қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 43-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру ережесі бекітілсін.

2. Мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықты" бекіту туралы" 2000 жылғы 7 қыркүйектегі N 100-П бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1265 тіркелген);

2) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1265 тіркелген Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 7 қыркүйектегі N 100-П "Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі туралы Нұсқаулықты" бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2821 тіркелген, 2004 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге

мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, N 37-40, 1008-құжат).

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымның орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының 2009 жылғы  
28 тамыздағы N 199 қаулысымен  
бекітілді

### **Жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру ережесі**

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) жинақтаушы зейнетақы қорын (бұдан әрі – Қор) қайта ұйымдастыруға рұқсат беруінің шарттары мен тәртібін белгілейді.

2. Уәкілетті органның Қорды қайта ұйымдастыруға рұқсаты Қор мынадай шарттарды сақтаған кезде беріледі:

1) есептелген теріс комиссиялық сыйақы сомасын меншікті қаражаты есебінен берешек соманы зейнетақы активтері шотына аудару арқылы өтеу

бойынша орындалмаған міндеттемесінің болмауы;

2) Қордың салымшылар (алушылар) алдындағы Қордың номиналды кірісінің көрсеткіші мен кірістілігінің барынша төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша орындалмаған міндеттемесінің болмауы;

3) Қордың корпоративті түрінен ашық түріне өзгерту арқылы қайта ұйымдастырылған жағдайда, өтінішті беру күніне меншікті капитал жеткіліктілігі және зейнетақы активтерінің кірістілігі бойынша пруденциалдық нормативтерді орындауы;

3-1) міндетті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптастырылған салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатының номиналды құны мен корпоративті Қорды қайта ұйымдастыру кезінде міндетті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптастырылған салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатының нақты құны арасындағы теріс айырманы өтеу бойынша орындалмаған міндеттемелердің болмауы;

3-2) ірі қатысушы белгілеріне сәйкес келетін мынадай тұлғаларда: басқа Қордың және (немесе) өзге заңды тұлғалардың қосылу нәтижесінде қайта ұйымдастырылған Қорда; қайта ұйымдастырылған Қорда және қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған Қорда (Қорларда);

Қордың корпоративті түрінен ашық түріне өзгерту нәтижесінде болған ашық Қорда ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның жазбаша келісімінің болуы;

4) Қордың (Қорлардың) меншікті капитал жеткіліктілігінің және зейнетақы активтерінің кірістілігі коэффициенттерінің болжамдық мәні Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 180 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5789 тіркелген) бекітілген Қорды (Қорларды) қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталған күнінен не осы Қордың корпоративті түрінен ашық түріне өзгеру кезінде Қорға зейнетақы жарналарын тарту қызметін жүзеге асыруға және зейнетақы төлемдерін жүргізуге лицензиясы берілген күнінен кейін келетін бірінші есепті күніне сәйкестігі;

4-1) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша салымшылар (алушылар) алдындағы міндеттемелердің үздіксіз орындалуын қамтамасыз ету бойынша Қордың қайта ұйымдастыру жоспарында көзделген шаралардың жеткіліктілігі;

5) қайта ұйымдастыруды қосылу нысанында жүзеге асырған кезде өзіне басқа

Қорды (заңды тұлғаны) қосып алған Қордың бағдарламалық-техникалық құралдарының және автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Қорды қайта ұйымдастыру жоспарында көзделген шараларының жеткіліктілігі;

б) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайдағы экономикалық шоғырлануына келісім беру туралы шешімінің болуы.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі – Ұйым) Қорға қосылған жағдайда Ұйымның басқа Қорлардың алдындағы міндеттемелері болмайды.

Осы тармақтың 1), 2), 3-2) және 4) тармақшаларында белгіленген талаптар мемлекеттің қатысуы бар Қорға, ұлттық әл-ауқат қорына және (немесе) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» мемлекеттік мекемесіне қайта ұйымдастыруы қосылу нысанында жүзеге асырылған кезде таралмайды.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 169 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Қор (Қорлар) уәкілетті органның қайта ұйымдастырылуға рұқсатын алу үшін Қордың бірінші басшысының (ол болмаған жағдайда оның орнындағы тұлғаның) (Қорлардың бірінші басшыларының (олар болмаған жағдайда олардың орнындағы тұлғалардың) қолы қойылған өтінішін ұсынады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 169 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Қорды (Қорларды) қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы өтінішке Заңның 43-бабының 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген құжаттар қоса беріледі.

Қайта ұйымдастыруды қосылу нысанында жүзеге асырған жағдайда өтінішке қоса берілетін құжаттар тек қосылу өзіне жүзеге асырылатын Қормен ғана ұсынылады.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 169 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Қордың (Қорлардың) қайта ұйымдастырылуының болжам шарттарын, нысандарын, тәртібін және мерзімдерін көрсететін құжат Қор акционерлерінің

жалпы жиналысының шешімімен бекітілген Қорды (Қорларды) қайта ұйымдастыру жоспары түрінде ресімделеді.

Қорды (Қорларды) қайта ұйымдастыру жоспары мыналарды қамтиды:

1) қайта ұйымдастыру жүргізудің негіздемесі мен қайта ұйымдастырудың н ы с а н ы н ;

2) зейнетақы және меншікті активтеріне қатысты әрекет ету тәртібін көрсетуді қоса алғандағы қайта ұйымдастыруды жүргізу бойынша іс-шараларды;

3) қайта ұйымдастыруға байланысты іс-шараларды аяқтаудың болжамды м е р з і м д е р і н ;

4) қосылатын Қор салымшыларының (алушыларының) құрылымын ескере отырып, зейнетақы активтерін төлеу және аудару жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету шаралары туралы мәліметтерді;

5) пруденциалдық нормативтердің орындалуын қамтамасыз ету шаралары т у р а л ы м ә л і м е т т е р д і ;

6) қайта ұйымдастыруды қосылу нысанында жүзеге асырған кезде өзіне басқа Қорды (заңды тұлғаны) қосып алған Қордың бағдарламалық-техникалық құралдарының және автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралары туралы мәліметтерді;

7) Қордың ұйғаруы бойынша қайта ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсететін өзге а қ п а р а т т ы .

Мемлекеттің қатысуы бар Қор (Қорлар), ұлттық әл-ауқат қоры және (немесе) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» мемлекеттік мекемесі қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда Қорды (Қорларды) қайта ұйымдастыру жоспарында осы тармақта көзделген ақпаратқа қосымша қайта ұйымдастырылған Қордың (Қорлардың) қызметін осы Ереженің 2-тармағының 1) , 2), 3-2) және 4) тармақшаларында көзделген талаптарға сәйкес келтіру мерзімдері туралы, жоспарланған іс-шаралары мен олардың орындалуына жауапты басшы қызметкерлері көрсетілген мәліметтері болады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 169 ( мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Қайта ұйымдастыруды қосылу нысанында жүзеге асырған жағдайда қайта ұйымдастыру туралы және Қайта ұйымдастыру жоспарын бекіту туралы шешімдер оған қосылатын Қордың және қосылатын Қордың немесе өзге заңды тұлғаның акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында әрбір жеке қоғам акционерлерінің дауыстарының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

7. Қайта ұйымдастыру салдарының қаржылық болжамы қайта ұйымдастыру рәсіміне қатысатын Қордың мынадай көрсеткіштерінің қысқа мерзімді, орташа

мерзімді және ұзақ мерзімді талдауын қамтиды:  
инвестициялық портфель бойынша кірістілігінің болжамы;  
қаржылық есептіліктері негізінде меншікті активтерге және меншікті  
капиталға тиімділік көрсеткіштерін талдау;  
зейнетақы активтерінің мөлшері бойынша болжамы;  
меншікті активтерінің мөлшері бойынша болжамы;  
инвестициялық портфелінің құрылымы бойынша салалар, валюталар, қаржы  
құралдарының түрлері, өтеуге дейін мерзімдері кескініндегі болжамы;  
қайта ұйымдастырудан кейінгі зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің  
құны өзгеруінің болжамы.

8. Уәкілетті орган Қордың (Қорлардың) қайта ұйымдастыруын жүргізуге  
рұқсат беру туралы өтінішті Заңның 43-бабының 1-тармағының үшінші бөлігінде  
көзделген мерзімде қарайды.

Уәкілетті органның Қордың (Қорлардың) қайта ұйымдастыруын жүргізуге  
рұқсат беруі оны берген күннен бастап тоғыз ай ішінде қолданылады.

Уәкілетті органның Қордың (Қорлардың) қайта ұйымдастыруын жүргізуге  
рұқсат беру қолданысы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

- 1) Қордың (Қорлардың) қайта ұйымдастыру рәсімдері аяқталғанда;
- 2) негізінде рұқсат берілген осы Ереженің 2-тармағында көзделген талаптар  
бұзылғанда, осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мерзімнің аяқталуына  
дейін тоқтатылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және  
қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 №  
169 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін  
қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9. Осы Ереженің 2-тармағында көзделген талаптар орындалмаған жағдайда  
уәкілетті орган қайта ұйымдастыруға рұқсат алу үшін ұсынылған құжаттарды  
қарамай қайтарады.

10. Уәкілетті органның Қорды қайта ұйымдастыруға рұқсат беруден бас  
тартуы Заңның 44-бабында көзделген негіздемелер бойынша іске асырылады.